

# ТҮРКІТАНУ ТЮРКОЛОГИЯ TURKOLOGY



ГРНТИ 03.20

**М.И. Аманова**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail:madinaamanova94@mail.ru)*

## **А.Байтұрсынұлы еңбектерінің түркітану ғылымының дамуындағы құндылығы туралы**

**Аннотация.** Берілген мақалада Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми еңбектері жинақталып, оларға толық жан-жақты талдау жасалынды. Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының ең көрнекті өкілдерінің бірі болды, көп жылдар бойына оның еңбектері қарапайым оқырманға қолжетімсіз болғанымен, оның ұлттық мәдени мұрасына қосқан үлесі зор. Оның кең өрісті ғылыми қызығушылық филология, терминжасам, әдебиеттану, түркітану, педагогика және т.б сияқты салаларды қамтыды. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерін жинау және оның қоғамдық – саяси қызметін бағалаумен қатар, берілген мақаланың негізгі мақсаты деп біз оның ғылыми зерттеулерінің қазіргі түркітану ғылымының дамуына маңыздылығын айқындау деп білеміз. Берілген мақсатымызға жету үшін келесі міндеттерді қойдық: сол кездегі қоғам және Ахмет Байтұрсынұлының Алаш партиясының көшбасшылардың бірі ретінде қоғамдық-саяси қызметі жайлы тарихи мәліметтерді жинақтау, Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерін жинақтап, талдау және оның түркітану ғылымына жарамдылығын бағалау. Зерттеу қорытындысы Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінің қазақ филологиясына дамуына үлкен ықпал тигізгенін, ал оның терминжасам мен әдебиеттану салаларындағы зерттеулері сол кездегі түркітану ғылымының дамуына үлес қосқанын көрсетті. Сонымен қатар, оның 1926 ж. Баку қаласындағы түркітанулық съездіне қатысуы оның осы ғылым саласымен қызығушылығын көрсетеді.

**Түйін сөздер.** Ахмет Байтұрсынұлы, түркітану, фольклор, ағартушылық, терминология, лингвистика, қазақ зиялылары.

**Кіріспе.** XX ғасырдың басында қазақ ұлттық интеллигенциясының қалыптасуына көптеген факторлар әсер етті, олар сол кездің әлеуметтік-саяси және экономикалық болмысы болып табылады: XIX–XX ғасырлар тоғысында қазақ даласында капитализмнің қарқынды дамуы, татар диаспорасының және олардың қоғамдық пен педагогикалық қызметінің жергілікті халыққа әсері, мұсылман мектептерінде бастауыш білім және кейін орыс білім мекемелерінде жоғары білім алу мүмкіндігі және т.б. факторлар XX ғасыр басында мақсаты мен міндеттері, идеялары мен көзқарастары ортақ ұлттық зиялылар тобының қалыптасуына әкелді. Осы зиялы қауымның негізгі міндеттері: қазақ халқының азаттық қозғалысы, сөз бостандығы мен баспасөз бостандығы үшін күресу, оқу-ағарту ісі, қазақ халқының ұлттық қасиеттерінің: тілі, ділі, салт-дәстүрлерінің сақталуы, жазба және фольклорлық шығармалардың сақталуы болды. Осы қозғалыстың көшбасшысы мен XX ғасыр басындағы қазақ ұлттық интеллигенциясының ең көрнекті өкілдерінің бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Оның ағарту ісі, білімі – тек қана бостандық, қоғамдық өзгерістер жағдайларында ғана халыққа пайда әкелетіндігін жете түсінді. Ол жергілікті басшылардың басынушылығын, патшаның шексіз билеушілігінің отарлық саясатын әшкерелеп жүрді. 1905-1907 жылдары

Төңкеріс өзгерістерге үміттендіріп, ол халықтың наразылығын білдіріп, жаппай толқуларына белсенді түрде қатыса бастады. Халықтың алдында сөз сөйлеп, қазақ зиялылар тобын ұйымдастып, Петербург қаласына үкімет атына өтініш жазады. 1909 жылы жандармдар оны жолдастарымен бірге Семей түрмесіне қамайды. Түрмеде сегіз ай ұстағаннан кейін, оны жер аударып жібереді. Ұзақ уақыт полиция қадағалауында болса да, халықтың бостандығы үшін күресті ол тоқтатқан жоқ. Сол жылдарда он өлең жазып, орыс классикаларының аудармаларын жасап жүрді, атап айтсақ, И.А.Крыловтың туындыларынан және т.б. А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалдар» жинағы 1909 жылы Петербург қаласында жарыққа шықты. Бұл жинақ оның ақын, аудармашы, өз халқына жаны ашитын адам ретінде атын шығарды. «Маса» деп аталатын өлеңдер жинағы 1911 жылы және 1914 жылдары Орынборда жеке басылым болып шықты. [1, 12 б.] Осы жылдарда ол ғылым жолына түсіп, тіл білімі бойынша мақалалар мен оқулықтар жазды, ғылыми зерттеулер жасады.

**Зерттелуі.** Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен жазбаша дамуына үлкен үлес қосты. Атап айтқанда, оның 1909 және 1911 жылы шығарылған «Қырық мысал» және «Маса» жинақтарындағы шығармалар ерекше танымал. Ол қазақ фольклоры үлгілерін жинау және жариялау бойынша үлкен жұмыс атқарған. Сонымен қатар, ол 1923 жылы жарияланған «Ер Сайын» өлеңіне кіріспе мақаласын және түсініктемелерін жазған, «23 жоқтау» (1926) және қазақ әдебиеті тарихының алғашқы ғылыми зерттеуі болып табылатын «Әдебиет танытқыш» (1926) жазады, 1926 жылы «Түркі тілдеріндегі терминология туралы» тезисі жарияланады. Осы жылы Бакудегі Бүкілодақтық түрік конгрессінде сөйлеген сөзінде түркі тілдеріндегі терминология туралы баяндаманы оқиды. Сондай-ақ, қазақ балаларына ана тілін үйрету үшін бірқатар оқулықтар жазады. Олардың ішінде: «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпби (1924), «Жаңа әліпби» (1926-1928 жж), және «Баяншы» (1926). 1921-22жж. жазушы Қырғызстан Халық ағарту комиссариатының Академиялық орталығының төрағасы болды, ал 1922-25 жылдары сол халық комиссариатының Ғылыми және әдеби комиссияның төрағасы болып тағайындалды. 1921 жылдан бастап жазушы педагогикалық іспен айналыса бастады, алғашында Орынборда, содан кейін 1926 жылдан бастап Ташкентте, ал 1928 жылдан бастап Алматыда ғылыми -педагогикалық қызметпен айналысады. 1912 жылы ол қазақ тілінде қолданылмаған таза араб әріптерін алып тастап «Жан емле» деп аталынатын жаңа қазақ тілінің әліпбиін құрастырады, осы құрастырылған алфавит әлі күнге дейін Қытайда, Ауғанстанда, Иранда тұратын қазақтармен қолданылады. Негізгі назар араб алфавитін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімдеу принциптерін дамытуға аударылды.

**Мақаланың мақсаты, міндеті.** Бүгінгі таңда түркітану түркі тілдері мен сол тілдерде сөйлейтіндерді ғана зердейлетін шығыстану ғылымының бір тармағы емес, түркі халықтарының тілін тарихын, мәдениетін, сонымен бірге олардың ежелгі заманынан бастап қазіргі кезге дейінгі болмысын зерттейтін тәуелсіз кешенді ғылым. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанда түркітану саласындағы зерттеулер өте өзекті болып табылады. Бұл мақаланың мақсатының бірі деп біз ұлтының күрделі кезеңінде оның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін, ана тілі, ділі үшін күрескен қайраткерлеріміз ұлт бостандығы идеясына сүйене отырып, қазақ филологиясының дамуына баға жетпес үлес қосқан, сонымен бірге түркітану саласында да зерттеулерді жүргізгенін көрсету деп санаймыз. Осы күрескендердің бірі - халқымыздың біртуар перзенті, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы, лингвист, түркітанушы, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы, ақын, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлы.

Осы мақаладағы ғылыми зерттеулердің міндеттері: Ахмет Байтұрсынұлының идеялары мен көзқарастары туралы мәлімет беру, филология, әдебиеттану және түркітану ғылыми салаларында жазған ғылыми еңбектерін зерттеп, ХХ ғасырдың басындағы түркітану ғылымының дамуындағы оның еңбектерінің маңыздылығын анықтау.

**Негізгі бөлім.** Ахмет Байтұрсынұлы – алғашқы «жаналық ашушы» болған, өйткені ғылымдардың көп салаларында оған дейін ешкім қазақ тілінде жазбаған еңбектерді жазды. 1926 жылы қазақ әдебиеттану соның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жазылған алғашқы еңбек «Әдебиет таңытқыш» жарық көреді. Сөйтіп оны қазақ әдебиеттануының негізін қалаушысы деп атауға болады. Қазақ өлең құрылысының теоретигі академик З.Ахметов «Әдебиет таңытқыштың» маңыздылығы мен құндылығы жайлы осылай дейді: «Әдебиет таңытқышта» негізінен, поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен ғалым-тілші болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны туралы түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, анау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады».[3]

Демек, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеттанудағы басты терминдерді қалыптастырған еді. Шынымен де, ол терминжасам мәселесімен айналысқан еді. Терминология бойынша оның зерттеулері түріктанушылар мен қазақ тілі филологтары үшін баға жетпес құндылық болып табылады. Жазушы қазақ терминологиясының құрушылардың бірі болып табылады. Терминология мәселесі 1924 жылы 12-18 шілде аралығында өткен республикалық ғылыми қызметкерлердің I съезінде сөз болған. Съезд материалдары 1925 ж. Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың алғашқы съезінің материалдарымен таныстыру мақсатымен оның «Түрікшілер құрылтайы» атты мақаласы жарияланды. Ол қазақ терминологиясын қалыптастыруда, қазақ тілінің өз мүмкіншілігін толық пайдалану және интернационалдық терминдерді қолдану тәсілдерін сөз етеді, сонымен қатар ол 1926 жылы «Түркі тілдеріндегі терминология туралы» тезісін жазады.[2] Қазақ жазуы туралы мақалаларында жазушы қазақ түсінігіне бөтен, бірақ қазақ тілінің ішкі жүйесін түсіндіру үшін қажет сөздерді пайдаланады. Бұл дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), үтір, буын, әліпбе, сөз аяғы, белгі, сөз басы, дауысты дыбыстар, сүйеніш, дәйекші деген сөздер. Олар алғашқы рет белгіленген ғылыми түсініктердің атаулары болды.[5]

Дыбыстарды, олардың құрамы мен түрлерін түсіндіре отыра, А.Байтұрсынұлы оларды дауыстыларға, дауыссыздарға, жуын және жіңішке (жұмсақтарға) бөлді. Ғалымдар қазақ тілінің дыбыс жүйесінің жіктелуімен байланысты барлық терминологиялық түсініктерді белгіледі. Бұған тек «ымыралы», «ымырасыз» сөздер жатпайды, өйткені олар қолданыстан алынып тасталды. Бұл айтылған терминологиялық түсініктерге – жеті септіктің аталуы жатады. – атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес. Олар өздерінің дәлелдігімен және өміршеңдігімен ерекшелінеді.

А.Байтұрсынұлы терминжасамда екі қағидаға сүйенеді. Оның ең негізгісі қазақ тілінің ішкі мүмкіндігін жеткілікті түрде пайдалануы. Ол ана тілінің керемет білгірі, оның барлық мүмкіндігін ашып-көрсететін дарынға ие бола отырып, барлық мүмкіндікті қалт жібермеген. Оның термин жасауда ана тілінің бар мүмкіндігін сарқа пайдаланғанын айта отырып, оның өзге де дамыған елдердің грамматикалық категорияларын жіктеудегі бай тәжірибесін де байқамау мүмкін емес, әсіресе, орыс тілінің әсері сезіледі. Ол тілді морфология, фонетика, синтаксиске жіктеуде дәстүрлі жүйені қолданады, оның ерекшеліктеріне назар салады. Мысалы: тілімізде сөздердің бөлінуі түрі мен құрылысына қарай бес топқа бөлінген: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар, мағынасына қарай тоғыз топқа бөлінген; зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, одағай. [6] Терминдер жасауда негізінен қазақ тілінің мүмкіндігіне иек артқан ол әртүрлі тәсілдерді қолданды: сөздерді заттық, номинативті мағынасына қарай іріктеді (әріп, сөз, сөйлем) не-

месе терминологиялық функциясына қарай жіктеді; сөз бен тіркесті, (түбір сөз, туынды сөз, сұраулы сөйлем, тұрлаулы мүше), термин жасауда әртүрлі аффикстер (бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, болымды, болымсыз, жалаң, жайылма, үстеу, одағай, есімдік, етістік т.б.) қолданы. Бұл терминдер орыс тілінің үлгісі бойынша жасалған деген пікірлер мен бұл терминдерді қолданыстан алып тастамақ болған талпыныстар да болды. Бірақ аталған терминдердің лайықты баламасы табылған жоқ және ол енгізген терминдер әлі күнге дейін өз өміршеңдігін жойған жоқ, ал жоғары оқу орындары мен мектептердегі оқулықтардағы қолданылатын терминологиялық жүйе Ахмет Байтұрсынұлының есімімен тығыз байланысты. Өзінің мақалалары мен «Тіл – құрал», «Тіл – жұмсар» еңбектерінде ғалым сондай-ақ қажет кезінде басқа тілден енген сөздерді, әсіресе орыс тілінен енген сөздерге (программа, фонетика, морфология, синтаксис, съезд, дума, школа, председатель, министерство, петиция т.б.) қолдануға қарсылық танытпайды. Ол терминологиялық материал ретінде қазақ тілінің сөздік құрамына араб тілінен енген сөздерді де жиі қолданады (оқу, білім, кітап, мектеп, өнер т.б.). Оның еңбектері, бірінші кезекте «Тіл – құрал» еңбегі қазіргі зерттеушілердің назарын өзіне аударады, себебі онда қазақтың төл сөздері лингвистикалық терминология ретінде кең ауқымда қолданылады. Жалпылингвистикалық және қазіргі қазақ тіл білімі ғылымының позициясымен қарар болсақ, оның терминологиялық мұрасы бүкіл түркі ғылыми әдебиетіне қосылған өзіндік үлес деуге болады. Ғалымның жұмысын талдай отырып, қазақ терминжасам жүйесінің бастау көздері, даму үрдісі мен үдерісін анықтауға мүмкіндік бар.

А.Байтұрсынұлы жалпы қолданыстағы сөздер мен олардың терминологиялық модификациясының арасындағы неғұрлым қолайлы байланыс пен сәйкестікті іріктеуде белсенді ізденіс жасады. Оның байланыстарының, сәйкестігінің берік болғандығы сонша, қазіргі қазақ тіл білімінде оның лингвистикалық терминологиясы өзінің қалпын сақтап келеді. оның қолданылған әдістері мен материалдары қазіргі күннің өзінде жалпы түркілік мәнге ие, барлық ұлт тілдері, соның ішінде қазақ тілі өзіндік әдеби-қатысымдық дамуында жаңа белеске шығуына жол алды. Қазақ лингвистикалық терминологиясын жасауда ол ұлт болмысын саптауда қолданылатын терминдерді жасауда алуан түрлі әдістерді, өзіндік тәсілін қолданғандығы. Жазушының еңбегіндегі терминдер лексика-морфологиялық және морфологиялық-синтаксистік әдістері арқылы жасалғандығы анықталды. Терминдердің лексика-морфологиялық тәсіл арқылы жасалуы сөз бірліктерінің семантикалық-морфемдік модификациясы арқылы, ал терминдердің морфологиялық-синтаксистік тәсілі сөз тіркестерінің құрылу жолдары арқылы жасалады. Екі жағдайда да ол қазақ тілінің құрылымы, жалғамалылығы т.б негізделген ерекшеліктерін ескерген.

Ол көне қазақтың және араб-парсы кірме сөздерін лингвистикалық термин ретінде қолдана отырып, ол өзі жасаған терминнің сөздің бастапқы мағынасымен байланысы болуын қадағалап отырды. Бұл жаңа лингвистикалық терминнің жылдам есте қалуына, оның мағынасын түсінуге, құлаққа жағымды естілуіне «сол тілде сөйлейтіндерге түсінікті» әрі бастапқы «күнделікті» мағынасы лингвистикалық терминмен ұғымдары жақын болуына әсер етеді.

Қазақ терминологиясының негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің еңбектерінде жиырмасыншы жылдары терминжасамның екі негізгі қағидасын ұсынды:

1. Тілдің өзінің байлықтарын пайдалана отырып, термин жасауда ана тілдің мүмкіндіктерін барынша пайдалану.
2. Басқа тілдерден енген кірме сөздер, әсіресе туыс түркі тілдерден енген сөздерді алып, оларды қолданыста қалдыру. Мұның бәрі оның «Тіл-құрал, «Тіл-жұмсар» атты ғылыми еңбектерінде көрініс тапты.

### Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1- том. –Алматы: Алаш, 2003. С.408
2. Айсултанова Қ.Ә., Шыныбекова А.К. Терминжасам және латын жазуы мәселесі // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы – 2015. –Т.152. №6. - С. 118-120
3. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. - А., 2001.-С.64
4. Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газетінен үзінді // Тіл және қоғам. Альманах. – А.: 2015 – №4(42). – С.95.
5. Айтбайұлы Ө. Основы казахской терминологии. – Алматы: «Абзал-ай», 2014. – С. 384.

**М.И. Аманова**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан*

### **К вопросу о вкладе в развитие тюркологии трудов А.Байтұрсынова**

**Аннотация.** В данной статье был проведен сбор и комплексный анализ научных трудов Ахмета Байтұрсынова. Ахмет Байтұрсынов является одним из самых выдающихся представителей казахской интеллигенции начала XX века, труды которого были недоступны для простого читателя в течении многих десятилетий, чей вклад в казахское культурное наследие является огромным. Его обширный научный интерес охватывал такие области как филологию, терминологию, литературоведение, тюркологию, педагогику и др. Основной целью данной статьи является помимо сбора научных трудов Байтұрсынова, оценки его политической и общественной деятельности – выявление значимости его научных работ для развития современной тюркологии. Для достижения цели были поставлены следующие задачи: сбор исторической информации о реалиях того времени и общественно-политической деятельности Ахмета Байтұрсынова как одного из лидеров партии Алаш, сбор и анализ научных трудов Байтұрсынова и оценка их применимости в тюркологии. Проведенная работа показала, что исследования проведенные Ахметом Байтұрсыновым оказали влияние на казахскую филологию, некоторые его работы по терминологии и литературоведению привнесли вклад в развитие тюркологии того времени, а его участие в тюркологическом съезде в Баку в 1926 году показывает его интерес к этой области науки.

**Ключевые слова.** Ахмет Байтұрсынов, тюркология, фольклор, просветительство, терминология, лингвистика, казахская интеллигенция.

**М.И. Amanova**

*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **To the question of the contribution of the works of A. Baitursynov to the development of turkology**

**Abstract.** In this article, a comprehensive analysis of the scientific works of Ahmet Baitursynov was conducted. Ahmet Baitursynov is one of the most outstanding representatives of the Kazakh intelligentsia of the early 20th century, whose works were inaccessible to the average reader for many decades, whose contribution to the Kazakh cultural heritage is enormous. His main scientific interest was in areas such as philology, terminology, literature studies, turkology, pedagogy, etc. The main purpose of this article is to collect scientific works of Baitursynov, to evaluate his political and social activities-to reveal the significance of his scientific works for the development of modern Turkology. To achieve the goal, the following tasks were set: collection of historical information about the realities of that time and socio-political activities of Ahmet Baitursynov as one of the leaders of the Alash party, the collection and analysis of Baitursynov's scientific works and an assessment of their applicability in Turkology. The work carried out showed that the research conducted by Akhmet Baitursynov had an impact on Kazakh philology, some of his works on terminology and literature contributed to the development of Turkology of that time, and his participation in the Turkic congress in Baku in 1926 shows his interest in this field of science.

**Key words.** Akhmet Baitursynov, turkology, folklore, enlightenment, terminology, linguistics, kazakh intelligentsia.